

Атырау облысындағы Прорва кен орнында ілеспе мұнай газ конденсатын пайдалану жөніндегі қондырғы салу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 шілдедегі N 817 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 382 қаулысына сәйкес және Атырау облысы халқының мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін табиғи газ бен газ конденсатын өңдеуді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Атырау облысындағы Прорва кен орында С.О.Р.С. (АҚШ) коммерциялық банкінің "Санакогаз" акционерлік қоғамы бөлген шет ел кредиті есебінен алынған ілеспе газ және газ конденсатын пайдалану жөніндегі қондырғы салу ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Прорва кен орында табиғи газ конденсатын өңдеу құқығы "Санакогаз" акционерлік қоғамына, "Бөбек" қайырымдылық қорының еншілес кәсіпорындары мен "Атырау" Мұнай сауда үйі" құрған "Жәрдем" акционерлік қоғамына берілсін .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігі аталған Жобаны жүзеге асыруға берілген кредитті қайтару тетігі мен кестесін әзірлесін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен С.О.Р.С. (АҚШ) коммерциялық банкіне өтеу міндеттері бойынша үкімет кепілдігін беру туралы мәселені қарастырсын.

4. "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамы Атырау облысындағы Прорва кен орнында ілеспе газ және газ конденсатын өңдеу жөніндегі қондырғыны салу мен оны пайдалануды және тауар өнімдерін тасуды ұйымдастыруда "Санакогаз" акционерлік қоғамына көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК